



**Автор:** Сындаркулова Манат Оралбекқызы

**Пән:** Қазақ әдебиеті

**Сынып:** 5-сынып

**Бөлім:** Адамгершілік - асыл қасиет

**Тақырып:** А.Байтұрсынов «Егіннің бастары» мысалы. Әке өсиеті

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу (5. Т/ЖЗ)
Сабақтың мақсаты:	Шығармадағы кейіпкерлерге мінездеме беру. Кейіпкер образын ашуда әрекет пен портреттік суреттеулерді тиімді пайдалану. Мысал желісі негізіндегі түйген ойын өмірмен байланыстыру.
Тілдік мақсаттар:	Портрет, мінездеме, образ
Күтілетін нәтиже:	Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашады.
Бағалау критерийлері:	Кейіпкер образын ашуда әрекет пен портреттік суреттеулерді тиімді пайдаланады. Мысал желісі негізіндегі түйген ойын өмірмен байланыстыра алады
Құндылықтарды дарыту:	Мәңгілік ел идеясы негізінде оқушыларды адами құндылыққа баулу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Ресурстар Үлестірмелі қағаздар, ватман. интерактивный доска , ғаламтор желісі.
Пәнаралық байланыс:	Өзін-өзі тану
Бастапқы білім:	

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Шығарма кейіпкерлері бойынша мақалдар арқылы топтастырамын. 1.топ «Дәнді бидай» 2.топ«Дәнсіз бидай» 3.топ «Әке» 4.топ «Бала» Болжау стратегиясы Экраннан бейне жазба көрсетіледі	
Сабақтың ортасы (27 минут)	1-тапсырмаТоптық жұмыс «Қос диаграмма» әдісі Әр топ өздеріне берілген кейіпкерлеріне параққа бір бағанға іс-әрекетін, екінші бағанға іс-әрекет негізінде мінездеме жасайды 2-тапсырма. Сыныппен жұмыс ВЕНН диаграммасы 1.Шығармадағы дәнді бидай мен дәнсіз бидайдың қайсысынан үлгілер едің? Неліктен? 3-тапсырма Жеке жұмыс «Ойтолғау» Кейіпкерлердің іс-әрекеті негізінде мысалдағы әке өсиетінен қандай ой түйдің, қандай қорытынды шығарар едің? Ойтолғау «Әке өсиетінен аларым..»	
Сабақтың соңы (5 минут)	Шығармадан түйген ойларын өмірмен байланыстыра отырып, әке өсиетінің қадіріне жету барысында сабақты қорытындылаймын.	
Рефлексия (3 минут)	Кері байланыс: «Зерде» -Білім-тақырып бойынша алған ақпаратым -Эмоция-сабаққа көңіл-күйім -Баға -жетістігіме беретін бағам. -Сын- өз бойымда нені дамытуым керек -Идея-маған келген жаңа ой.	